



Бекітемін:
«Балдырған» бөбесжай-
бақпашасын меңгерушісі:
Т.Бимырзаева

«Балдырған» бөбесжай-бақпашасын «Балбөбек» ортаңғы тобының 2023-2024 оқу жылдығы
ата-аналармен жүргізілетін жұмыстарының жылдық жоспары

Міндеті: Балаларды тәрбиелеу мен оқытуда балабақша ұйымы мен отбасы арасында тиімді әріптестік
механизмді құру.Ата –ананың өмірге деген көзқарасын өзгерту.Баланың бүтінгі жасаған қадамы
ертенгі тұлға болып қалыптасуына үлкен әсер ететінін атап өту.Ата –аналармен жұмыс жасау
барысында «бірізділік» қағидалсын басшылыққа алу

Қс	Жұмыс формасы	Мазмұны	Мерзімі	Жауапты
1	2	3	4	5
1	Топтық жиналыс	1. «Кел танысайық» Ата –аналармен танысу 2.Ата –аналарды топтың жылдық жоспарымен таныстыру Топтың ата-аналар комитетінің жаңа құрамын сайлау 3. «Баланың бақшаға бейімделуі» (баяндама)	Қыркүйек	Тәрбиешілер Психолог
2	Ата –анамен жұмыс	1. Фото стенд «Отбасымен біргемін» 2. «Күз сыйы» (көрме) 3.Кітап көрмесі:Ертегімен өсеміз»	Қазан Қараша	Тәрбиешілер
3	Топтық жиналыс	1.Баяндама «Отбасы мен балабақша арасындағы сабақтастық» 2.Жаңа жыл мерекесін ұйымдастыру «Біздің отбасының жаңа жылдық мерекесі» 3. Ата –анамен байланыс: «Сәлем хат» ұсыныс пен тілектер	Желтоқсан	Тәрбиешілер
4	Ата-анамен байланыс	Әкелер конференциясы Мақсаты:Отбасымен ықпалды әрекет жасаудың ықпалды тәжірибесін енгізу	қаңтар	Ата-аналар
5	Топтық жиналыс	1.Баяндама «Ата-ана мен балабақшаның бала тәрбиесіндегі рөлі» 2.Балабақша ауласын көгалдандыруға қатысу (ата ана көмегімен) 3.Көрме: «Өнерлі ата-ана» қол өнер бұйымдарын жасау	наурыз	Тәрбиешілер
6	Топтық жиналыс	1. Баяндама Дәрігердің кеңесі «Тазадық –денсаулық көпірі» 2.Тренинг «Бала тәрбиесіндегі –ата ана» 3.Жазғы сауықтыру айларының іс-шараларына дайындық	мамыр	Мейірбике Тәрбиешілер
7	Дөңгелек үстел	Ата –аналардың балабақша аумағын көгалдандыруға қосатын үлесі	мамыр	Тәрбиешілер Ата-аналар
8	Ашық есік күндері	Режимдік сәттер бойынша ашық көрсетілім	15-қараша 14-ақпан 15-мамыр	Тәрбиешілер
9	Көрме	1. Алтын күз 2.Қыс қызығы 3.Көрікті көктем 4.Жайдарлы жаз	Қараша Желтоқсан Наурыз Мамыр	Тәрбиешілер Ата аналар
	Үгіт насихат	«Балаларды қалай жақсы көру	ақпан	Тәрбиешілер

	қағазы	керею» Қарым-қатынас сабақтары ата-аналар үшін практикалық ұсыныстар		
11	Табиғат бұрышындағы еңбек	«Көрікті табиғат»	наурыз	Тәрбиешілер Ата-аналар
12	Гүлзардағы еңбек	«Еңбек түбі-береке»	сәуір	Ата-аналар

«Балдырған-бөбекжай» бақшасы «Балбөбек» ортаңғы тобында 2023жылы 8- қыркүйекте топтық ата-аналар жиналысы болып өтті.

Хаттама №1

«Балбөбек» ортаңғы тобы 08.09.2023ж

Қатысуы тиіс: 25

Қатысқаны: 23

Себептісі: 2

Күн тәртібінде:

1. «Кел танысайық»
Ата –аналармен танысу
2. Ата –аналарды топтың жылдық жоспарымен таныстыру
Топтың ата-аналар комитетінің жаңа құрамын сайлау
3. «Баланың бақшаға бейімделуі» (слайд) психолог

Тыңдалды:

1. «Кел танысайық» Топ тәрбиешілері тәрбиеленушілердің ата анасымен жақын танысу барысында әрбір ата ананың пікірін тыңдап, назарға алды. Сонымен қатар тәрбиешілер де өздерін таныстырды және ата аналарды перспективалық оқу жоспарымен таныстырды, жаңа оқу жылына керекті құрал жабдықтары және балабақша ішіне киетін киімдері мен тағы да басқа қажетті заттардың керектігін жеткізді. Сондай ақ ата аналар топ тәрбиешілеріне жұмыстарына сәттілік тіледі.
2. Топ тәрбиешілері ата аналар комитетінің жаңа құрамын сайлау жөнінде ұсыныс тастады. Ата аналар түрлі пікірлерінен кейін бір ауыздан ата аналар комитетінің төрайымы болып ата ана Сағат Балнұр, мүшелері болып Шоканова Шұғыла және Елубаева Озипа сайланды. Ата аналар комитет құрамына сәттілік тіледі
3. Психолог Г.Абдуллаеваның «Баланың балабақшаға бейімделуі» баяндамасы слайд арқылы тыңдалды

Шешім етті:

1. Топ тәрбиешілерінің балаларды дамыту барысында перспективалық оқу жоспарымен бойынша жұмыс жүргізу назарға алынсын.
2. Ата аналар комитетінің жаңа құрамын сайлау жөнінде ұсыныс нақтыланып, жаңа комитет құрамы сайлансын.

Ата-аналар комитетінің төрайымы:

Хатшы:



Б.Сағат

Г.Абдуллаева

БАЛАНЫҢ БАЛАБАҚШАҒА БЕЙІМДЕЛУІ

Ерте жастағы баланың балабақшаға бейімделуі – әр балада әр түрлі қабылданады, жаңа ортаға бейімделу процессі-бұл жаңа ортаға бейімделу ғана емес күні бойы жаңа режімді, жаңа орта, жаңа қарым-қатынас сонымен қатар жаңа дағдаларын дамытуға балалар түрлі жолмен өтеді. Осы кезеңде кейбір балалар ауыр, ал кейбіреулері жеңіл қабылдайды. Бейімделудің ауыр жолымен өткен кейбір балалардың бейімделуі 3-4 айға созылады. Жеңіл бейімделу кезеңі 1-2 күн болды. Ұзаққа созылған бейімделу кезеңі көптеген факторларға байланысты болады баланың денсаулығына, жүйке жүйесінің ерекшеліктеріне, үйдегі ата-ана ықпалына т/б себептерге байланысты. Бұл кезде балаға тәрбиеші тарапынан жеке қолдау керек балаға жақсы көңіл күй сыйлап ортаға қосу. Ерте жастағы баланың балабақшаға бейімделуін, тамақтануы, ұйықтауы, өзгелермен қарым-қатынасы, сөйлеу әрекеті, ойын ойнаудағы белсенділіктері бойынша балаға жеке карта ашып бейімделу уақытын белгілеп баланың бейімделуі жайында ата-анамен бірігіп бірдей жұмыс жасалды. Баланың балабақшаға бейімделуі әрине бірінші отбасында және балабақшаға келгенде. Балабақшада таныс емес адамдармен, балалармен танысалы, мінез құлық ережелері мен нормаларын меңгереді.

Жаңа жағдайда бала қалай үйренеді? Өкінішке орай балабақшаға бейімделу көбінесе қиын және ауыр өтеді. Бала тамақ ішпейді, ұйықтамайды, балалармен және үлкендермен араласудан бас тартады да, қоршаған ортаға деген қызығушылығы төмендейді, ойыншықтарды ойынға қатыстырмайды.

Баланың балабақшаға қиын бейімделу себептері:

Басқа адамдармен бұрын қалып көрмегендіктен.

Дәретке өзі отырып үйренбегендіктен.

Кей тағамдарды жеу дағдысы жоқ, мысалы қызылша, орамжапырақ, қатты тамақты шайнап үйренбеген (картон, нан)

Балабақшаға бала қалғанда алғаш екі сағатқа ғана қалу керек. Көбінесе ата-аналар жұмыс тәртібін айтып, баланы күні бойы балабақшада қалдырады. Осының нәтижесінде күрделі және созылмалы мәселелер пайда болады.

Балаңызбен үйде сөйлесесіз бе, оны мақтайсыз ба, оны жақсы көретінін туралы айттыңыз ба?

Қобалжуы қиын ата-аналардың балалары да балабақшаға қиын бейімделеді, өйткені ата-анасының қобалжуын көріп, баланың қорқынышы ұлғая түседі. Осы кезде ата-аналар балаға көмек берулері керек.

Ертеңгілік қоштасуларды жеңілдету тәсілдері:
Баламен тез қоштасып үйреніңіз, қоштасуды созыңыз. Бала сіздің қобалжығаныңызды көріп, тыныштануы ұзаққа созылады. Балаңыз сізге сенсін десеніз, балабақшаға әкеліп, көрінбей қашып кетпеніз. Балаңызға ұнайтын қоштасу рәсімін табыңыз және соны қатал ұстаңыз. Балаңыз балабақшаға барғаны үшін алдарқатып ойыншық сатып алмаңыз. Балаға анық түсінік беру керек. Бір рет болсын баланың дегенін істесеніз әрі қарай көндіру қиын болады.

«Балдырған-бөбекжай» балабақшасы «Балбөбек» ортаңғы тобында 2023жылы
22-желтоқсанда топтық ата-аналар жиналысы болып өтті.

Хаттама №2

«Балбөбек» ортаңғы тобы 22.12.2023ж
Қатысуы тиіс: 25
Қатысканы: 22
Себептісі: 3

Күн тәртібінде:

1. Баяндама: «Отбасы мен балабақша арасындағы сабақтастық»
2. Жаңа жылдық мерекені ұйымдастыру: «Біздің отбасының жаңа жылдық ойыншықтары»
3. Ата-анамен байланыс: «Сәлем хат» ұсыныстар мен тілектер

Тыңдалды:

1. Топ тәрбиешісі Ж.Пернебектің «Отбасы мен балабақша арасындағы сабақтастық» тақырыбындағы баяндамасы тыңдалды.
2. Топ тәрбиешілері жаңа жыл мерекесін әрбір отбасыда тойланатын отбасылық мереке екендігін айта келе, ата-аналар отбасында қандай дайындық жүргізіп жатқандығын және мерекенің маңыздылығы жайлы балаларына айтатындықтарын сондай-ақ мерекелік сыйлықтарын дайындап, өз үйлерінде шыршаны түрлі ойыншықтармен безендіру жұмыстарының жүргізіп жатқандарын айта кетті.
3. Ата-анамен байланыс: Ата-аналарға бірнеше конверттер таратылды, оған тәрбиешілерге деген ізгі алғыс тілектерін сонымен қатар ұсыныс-тілектерді жазып конверттерге салынды.

Шешім етті:

1. Ата –аналар мен балабақша арасындағы байланыс жалғасын тапсын.
2. Топ тәрбиешілері мен ата-аналар арасындағы байланыс жұмыстарының жүргізілуі назарға алынсын.
3. Ата-аналардың ұсыныс –тілектерінің орындалуы назарға алынсын.

Ата-аналар комитетінің төрайымы:
Хатшы:



Б.Сағат
М.Абдраманова

«Елдің келешегі бүгінгі жас ұрпақтың қолында,
ал жас ұрпақтың тағдыры ұстаздың қолында»
Н. Назарбаев

Бала тәрбиесі ана сүтінен басталып, өмір бойы қалыптасатын күрделі құбылыс. Тәрбиенің ең алғашқы негізі отбасында қаланып, балабақшамен байланыс арқылы одан әрі жалғасады. Отбасындағы ата-анаға баласы үшін қаншалықты жауапкершілік жүктелгендігі белгілі. Ата-аналармен жүргізілетін жұмыстың формасы мен әдістері олардың педагогикалық мәдениетін көтеруге, балабақша мен отбасының өзара ынтымақтастығына және тәрбие жұмысының әлеуетін арттыруға бағытталуы тиіс. Отбасы-адамзат бесігін тербететін баланың бас ұстазы – ата-ана. «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілерсің»-деген дана сөз бар. Мектепке дейінгі ұйымдардың отбасы арасындағы өзара ықпалдастықтың мын төмендегідей негізгі бағыттарына көңіл бөлсек: - педагогикалық және психологиялық сауаттылықты жетілдіру; - іс-әрекеттің түрлі формалары (ұйымдастырылған қоу қызметіне қатысу, әртүрлі шаралар) және қосымша қызмет көрсету; - балалардың шығармашылық әрекетін дамыту; - дамыту және қалыптасу мәселелері бойынша тәжірибе алмасу; - әлеуметтік дамытушы ортаны қалыптастыруға көмектесу. Міне, осындай негізгі бағыттарды іске асыру үшін мектепке дейінгі мекемелер мен отбасының арасында тығыз сабақтастық қажет. Өйткені осы бағыттағы тәлім-тәрбие сабақтаса, ұштаса жүргізілгенді ғана көзделген мақсат нәтижелі болары сөзсіз. Біздің бөбекжай ұжымы ата-аналарды ұйымдастырып, балалардың бөбекжайдағы өмірінің тәрбиесіне белсене қатысуларына арналған іс-шараларды жиі өткізіп тұрамыз. «Жұмыла көтерген жүк жеңіл»-дегендей бөбекжайымыздың ұжымының осы талаптарды орындау мақсатында іс-тәжірибеде мектепке дейінгі жастағы балалардың отбасыларымен біріге отырып, жұмыс жасау, оның ішінде отбасы бұрышын құрып, олармен жеке жұмыс жүргізу өз нәтижесін беруде. Бүгінгі заман талабы жас ұрпақты парасатты, саналы етіп тәрбиелеу. Бұл тұрғыда отбасы мен балабақша тәрбие жұмысын ынтымақтаса жүргізсе ұрпақ тәрбиелеу ісінде көздеген мақсатқа жетуге болады. Сондықтан оларға әрдайым ата-ана, тәрбиешілер тарапынан қамқорлық қажет. Әр отбасында ата-ананың орны бөлек. Жақсы ана отбасына береке әкеліп, жанұясын бақытқа бөлейді. Барлық ата-ананың мақсаты-балаларын үлкен азамат етіп тәрбиелеу. Табысқа жету үшін баланы өз ісіне есеп беруге, заңды сыйлауға, өз құқығын қорғай білуге, соңында өзін-өзі тәрбиелей білуге үйретуіміз керек. Осындай мақсатты өмірлік ісі деп түсінетін ата-аналар балаларын қоршаған ортамен, айналадағы қоғамдық құбылыстармен, тарихпен, әдеби жаңалықтармен таныстырып, ерінбей еңбек етуге үйретіп, сыпайы қарым-қатынас жасап, күнделікті өмірінде дос, сырлас бола біледі. Біздің мақсатымыз талапқа сай жаңашыл, шығармашыл, мәдениетті, жан-жақты сауатты жеке тұлға тәрбиелеу.

АТА-АНАМЕН БАЛАБАҚШАНЫҢ БАЛА ТӘРБИЕСІНДЕГІ РӨЛІ

Тәуелсіз еліміздің келешек ұрпақты тәрбиелеу мәселесі бүгінгі күннің өзекті тақырыбы. Бұл мәселенің шешімін табуда үздіксіз білім беру жүйесі айтарлықтай дәрежеде қайта қаралып, оны жетілдіру жолдары іздестірілуде. Бұл алға қойылып отырған негізгі талаптар – Қазақстан білім беру жүйесінің бүкіләлемдік білім беру кеңестігіне толық енуінің алғашқы даму стратегиясын жасау болып табылады. Артылған талаптардың жүзеге асырылуы бағытындағы жұмыстың үздіксіз білім берудің алғашқы сатысы – мектепке дейінгі ұйымдарды баланың білімге деген құштарлығын арттырудан, ұлтымызға тән қасиеттерін бойына сіңірген бала тәрбиелеуден бастағанның маңызы зор. Балабақша — бүлдіршіктерді болашақта ата дәстүрін сақтайтын инабатты да, ибалы үлкен-кішіні сыйлай білуге үйрететін тәрбие орталығы. Өмірге келген жас ұрпақты тәрбиелеу ата-аналар мен балабақша тәрбиешілерінің қасиетті борышы.

Бала үшін дүниеде ең жетілген, білімді де, мәртебелі адам – оның ата – анасы. Ал, ең әдемі де жарық үй – оның туылған үйі. Жас баланың дамуында ата-ананың орыны ерекше, сондықтан ата-ана өз отбасында қолайсыз жағдайларды баланың көзіне тудырмауға тырысуы қажет. Отбасындағы ұрыс-керіс баланың жүйкесін тоздырады. Кейбір ата-аналар өз перзентін шектен тыс еркелетіп, баланың бетінен қақпай, кәңіліне қарап тәрбиелейді. Ал мұндай көріністер баланың бойына кері қасиет пайда болуына тікелей жағдай тууына себеп болады. Ата-аналар балаға отбасылық өмірдің алуан түрлі, қыры мен сырын дүние жұмбақтарын танытып, тағылым талғамға, әдептілікке баулуға тыр. Себебі, ата-ананың күнделікті өмір тіршілігіндегі еңбегі, адамның бейнелері, жақсы мінез-құлық, дұрыс қарым-қатынасы – балаға үлгі. Баланың алдында барынша сабырлы әрі ұстамды болуға тырысу керек, ата-ана өзі үлгі бола отырып, баласын сабырлыққа тәрбиелейді. Әрбір ата-ана өз баласы үшін басты тұлға. Сондықтанда да кез-келген бала алдымен үлгіні ата-анасынан алады. Бала әкеден ақыл, анадан мейір алады. Ата-ана баласымен пікірлесуде бейәуыз сөздерді қолданбай, дәрежіктен жеке басын қорламай, мейірімді табиғи, жылы ақылды сөздер айтып өнеге бола білсе, тәрбие де табысқа жетеді, өйткені, жақсы сөз жан семіртеді. Сонымен қатар мектепке дейінгі ұйымның педагогикалық ұжымы ата-аналармен бірлесіп, баланы өсіріп тәрбиелеудегі басты мақсат қоғамдық өмірге «түзу ірпіш қалау» екенін ескере отырып, ал осы мақсатты жүзеге асыру үшін, алдындағы қандай болмасын қиындықтарын жеңу, соған сәби кезінен төмендегі мынадай көзқарастарды негізгі ұстаныным ретінде қабылдау. Көзқарастар мыналар: баланы сәби ол әлі ештеңе білмейді, ұқпайды дел жай көзбен қарамау керек, өйткені ол да өсіп келе жатқан тұлға. Баланы әр уақытта шындыққа үйрету. Еш уақытта алдамай, шындықты ашып айтып сол жағдайға дұрыс көзқараспен қарауға жағдай туғызу. Баланың өз ісін уақытымен күнде қадағалау, бақылау. Баланың әр бір ісін қадағалап, оған деген көзқарастан нәтиже шығаруға көмектесу. Қандай жағдай болса да, ұрпағын жауын мен жел өткен, жаман әдептен қорғап, өз бойындағы ең жақсы қасиеттерін сіңіру, ана уыбен бірге ұлттық дәстүр қайнарына қондырып өсіру әке мен ананың ұлы борышы. Дені сау, рухы таза, ана тілін толық меңгерген ұрпақ өсіру қазіргі кездегі ең негізгі мәселе. Бала тәрбиесінде отбасы басты орын алады. Баланың ана тілін толық меңгеруі – ұлттық-сана сезімін тәрбиелеу, денсаулығын түзету, бала тәрбиелеудің әдіс-тәсілдерін білу жөніндегі дағдыларын қалыптастыру мектепке дейінгі мекемелерге берілген. Тәрбиенің сан алуан келелі мәселесін шешетін, қарапайым дағдыларды бала санасына орнықтыратын алғашқы білім баспалдағы – балабақша. Балабақшада халық педагогикасын бала бойына сіңіре отырып имандылыққа, адамгершілікке тәрбиелейміз. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпыға міндетті мемлекеттік стандартының бес саласының әр бөлімдерінің ұйымдастырылған оқу іс-әрекеттерінде салт-дәстүрдің барлық түрлерін баланың бойына сіңірудеміз. Мысалы: тұсау кесу, бесікке салу, тілашар т.б. Мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілер өз тәжірибелерінде халық ауыз әдебиетінің ішінен жиі мақал-мәтелдер, жұмбақтар, жаңылтпаштар, санамалар, ертегілерді оқу іс-әрекеттерінде пайдаланады. Бүгінгі күнде жас ұрпақтың сана сезіміне өз елінің жерінің тарихы мен мәдениеті туралы алғашқы ұғымдарды кішкентай кезінен қалыптастырамыз.

Баланың өмірге қадам басардағы алғашқы қимыл-әрекеті ойын. Сондықтан оның мәні ерекше. Қайық халқының ұлы ойшылы Абай Құнанбаев «Ойын ойнап, аң салмай өсер бала бола ма?» — деп айтқандай баланың өмірінде ерекше орын алады. Ойын мектеп жасына дейінгі баланың жеке басының дамуына ақпал ететін тәрбие құралы. Ойын баланың барлық қабілетінің дамуына, айналасындағы дүние жайлы түсініктерінің кеңеюіне, тілінің дамуына, құрбыларымен жақындасуына көмектеседі. Өйткені бала нәресте шағынан бастап адалдыққа, батылдыққа, мейірімділікке, еңбек етуге тәрбиелеудің құралы ойын. Осыған орай бүгінгі күндері тәрбиешілер алдында балаға білім, білім дағдыларын игеріп қана қоймай, қабылдауын, ойлауын, қиялын, сезімін, ерік-жігерін жан-жақты етіп дамыту міндеттері тұр. Болашақ қоғамымыздың тағдыры да бала тәрбиесіне тікелей байланысты. Қоғамды дамытушы да, ілгері апарушы да осы жас жеткіншектер. Тәрбиенің сан қилы дағдыларын бала бойына дарытатын алғашқы білім баспалдағы – балабақша, жол сілтеп, жетелеп.

үйретуші — тәрбиеші. Балабақшадағы тәрбие – қазақи ұлттық сана, ұлттық психология қалыптасқан парасатты, адамгершілік қадір – қасиеті мол, физикалық және моральдық жоғары белсенді жеке адамды қалыптастырып цығару процесі болып табылады. Тәрбиелеу мен білім берудің әрекеті практикалық процесс үстінде қалыптастырылады. Тәрбиелеу мен оқытудың міндеттері баланың осы іс-әрекет түрлерін қалыптастыру және оны белгілі бір мақсатқа бағыттап отыруды көздейді. Ойнау, еңбек ету, және білім алу барысында ақыл-ой, адамгершілік, физикалық және көркем тәрбие, даму процесі қатар жүреді. Бала осы кезде белгілі дәрежеде білім алады, іскерлікке үйренеді, өзін қоршаған ортамен қарым-қатынас жасауға, қоғамдық өмірдің әдет дағыларын игеруге бейімделеді. Іс-әрекеттің тап осы түрлерін ғана дамыту арқылы тәрбиелеу білім беру міндеттерін шешуге, бала дамуын дұрыс жолмен бағыттап отыруға мүмкіндік туады. Жақсы ойнап, еңбек ете білетін әрі оқуға қабілетті баланы ересек адамдар мен балалар қоғамында өмір сүруге қажетті қасиеттерді толық игерген тәрбиелі бала деп аталуы мүмкін. Жоғарыда аталып өткен іс-әрекеттің әрқайсысы бала дамуына өзіндік, өзіне тән үлесін қосады. Мысалы, тәрбиенің ең маңызды міндеті саналатын ақыл-ой тәрбиесінің өзі бала ойының еңбегін және балалардың оқуын үнемі бағыттап отыру арқылы жүзеге асатыны бізге балаларды тәрбиелеу тәжірибесінен таныс. Адамгершілікке тәрбиелеу міндеттері жөнінде де осыны айтуға болады. Бала өзін-өзі көрсете білсе, еңдеше ойын, оқу еңбекте адамгершілікке тәрбиеленеді деген сөз. Өйткені, мұнда олардың өзара ересек адамдармен қарым-қатынасы қалыптасады. Іс-әрекеттің әрбір түрінде осылайша өзара ұштасып жататын педагогикалық мүмкіндіктерді ескере отырып, мектепке дейінгі ұйымдарда балалардың тіршілік әрекеттерін, тәрбиелік мақсатқа сай ұйымдастыра аламыз. Ойын, еңбек, оқу арқылы біз балаларға белгілі бір тұрғыдан ықпал жасай аламыз. Бірақ біз іс-әрекеттер ойын, еңбек, оқыту өзара ұштасқан жағдайда ғана баланың жеке басын дамытуда толық нәтижеге жете аламыз. Балабақшаның негізгі міндеті – баланың жеке басының бастапқы қалыптасуын қамтамасыз ету. Бұл жас баланың ақыл-ойының дамуы мен даярлығы үшін қолайлы кезең. Осы кезеңде бала оқу мен тәрбиені қалыптастыруға, өз қызметін білуге, тілдік қатынастың қарапайым тәжірибесінде өзін-өзі таныта білуге, мінез-құлық мәдениетіне, жеке гигиеналық және салауатты өмір салтының негіздеріне бағдарланады.

Еліміздің ертеңгі болашағы жас ұрпақты азаматтық пен имандылыққа баулу – тәрбиенің басты міндеттерінің бірі. Сонымен қатар ата-аналар мен мектепке дейінгі ұйымдар ұлттық тәрбиеге де мән бергендері жөн. Бұл саладағы күш – жігер алдымен бүлдіршіндерді отандыққа тәрбиелеуге бағытталады. «Отан» деген ұғым балаға дүние есігін ашқан үйі, ата-анасы, ағайын туыстары, туған жері, кең – байтақ гүлжазира даласы, тау – тасы, өзен – көлі, сылдырап аққан мөлдір бұлағы бейнесінде қабылданып, ең қасиетті де құдіретті алтын бесігі ретінде үйретуге тиіспіз.

Жас ұрпақты кішкентайынан салт-дәстүрлер рухында баулу, құлағына сіңіру әдет-дәтдысына айналдыру – парыады іс. Қазақ сөз өнерін қатты құрметтеген халық: «Жақсы сөз – жарым ырыс», «Жақсы сөз жан семірттер. Сонымен қатар балаға «сіз», «рақмет», «кешіріңіз», «өтінемін» деген сияқты сыпайылықты білдіретін сөздерді үлкендерге айтып жүруге үйрету, оған дағдыландыру ата-аналар мен тәрбиешілердің міндеті.

Халқымыздың дәстүрінде қол алысып амандасуға ерекше көңіл бөлген, жас баланы сәби кезінен үлкендермен қол алысып амандасуы тәрбиелейді. «Көкеңе қолыңды беріп амандас», «Ағаның қолын ал», «Атаңа екі қолыңды бер» деп үйретеді. Ондай кезде үлкендер яғни аталар, әжелер «Ой азамат болыпты ғой!», «Таудаы бол!» деп баланың қолын алып, сәлем беруге ынталандыратын сөздер айтып ынтасын тудырады. Баланы жастайынан осындай ынабаттылыққа баулу, ол есейгенде сыпайы, әрі жеке тұлға болып қалыптасуына негіз болады.

«Балдырған-бөбекжай» балабақшасы «Балбөбек» ортаңғы тобында 2024жылы 15- наурызда
топтық ата-аналар жиналысы болып өтті.

Хаттама №3

«Балбөбек» ортаңғы тобы

15.03.2024ж

Қатысуы тиіс: 25

Қатысқаны: 20

Себебісі: 5

Күн тәртібінде:

1. Баяндама: «Ата ана мен балабақшаның бала тәрбиесіндегі рөлі»
2. Балабақша ауласын көгалдандыруға қатысу (ата-ана көмегімен)
3. Көрме: «Өнерлі ата-аналар» қол өнер бұйымдарын жасау.

Тыңдалды:

- 1.Топ тәрбиешісі Р.Әділбекованың «Ата ана мен балабақшаның бала тәрбиесіндегі рөлі» тақырыбында баяндамасы тыңдалды.
2. Ата аналар комитеті мен ата аналардың қолдауымен балабақша ауласын көгалдандыру жұмыстарын жүргізу барысында ағаштардың түптерін әктеп, түрлі аула гүлдерінің тұқымдары мен көшеттер ала келіп, ауланы көркейтуге бір кісідей ат салысатындықтарын жеткізді.
3. «Өнерлі ата –аналар» тақырыбында көрме ұйымдастыру керектігі айтылды. Көрмеге көктем мезгіліне байланысты және ұлттық бұрышты толықтыру мақсатында қазақтың ұлттық өнерін насихаттай отырып түрлі ұлттық бұйымдар жасап, топ бұрыштарын толықтыру үшін қол көмектерін аямайтындықтарын жеткізді. Сондай ақ әкелген бұйымдарды ата аналар өздері бір-біріне баға беретіндіктерін жеткізді

Шешім етті:

1. Ата –аналар мен балабақша арасындағы байланыс жалғасын тапсын.
- 2.Топ тәрбиешілері мен ата-аналар арасындағы көгалдандыру жұмыстарының жүргізілуі назарға алынсын.
- 3.Ата-аналардың қол өнер бұйымдарынан көрме ұйымдастыру назарға алынсын

Ата-аналар комитетінің төрайымы:

Хатшы:



Б.Сағат

М.Абдраманова



Бекітемін

«Балдырған» бөбекжай

балабақша меңгерушісі

Б.Т. Батырзаева

15.06.2023ж

Әке өмірдің-тірегі

«Өмірге ұрпақ келтіріп, оны асырау арқылы әке өз міндетінің үштен бірін ғана орындайды. Ол адамзатқа адам, қоғамға қызметкер, мемлекетке азамат беруге міндетті. Осынау үш міндетті орындауға қабілетті бола тұра кімде-кім оны орындамаса айыпты».

Жан Жак Руссо.

Мақсаты:

- Балабақша мен пен отбасының өзара байланысын, қарым-қатынасын нығайту;
- Отбасының қарым-қатынасындағы сенімділікті және сыйластықты қалыптастыру;
- Бала тәрбиесінде әкенің рөлі ерекше екендігін түсіндіру.

Психолог: Сәлеметсіздер ме, ардақты әкелер, құрметті қонақтар! Бүгінгі біздің кездесуімізде, Әкелер, сіздер туралы әңгіме қозғағымыз келеді. Әке... Бұл үш әріпті сөзде не бар? Әке деген сөз – мейірімділік, ержүректік, әдептілік деген ұғымдармен іспеттес. Әкенің бала дүние есігін ашқаннан бастап, оның өсіп дамуына тигізетін әсері маңызды екені баршаңызға мәлім. — Қадірменді әкелер! Сіздің осы кездесуге үй шаруларыңызды тастап, бас тартпай келуіңіздің өзі – бала бақыты сіз үшін маңызды екенін көрсетеді. Конференция барысы:

1.Танысу . Барлық әкелер өзінің және балаларының есімдерін айтып,бір-бірімен танысып шығады.

2. «Мен үшін әке болу — бұл... » (бақыт, жетістік, байлық, арман, дәреже, мәртебе, өмір, жауапкершілік ... т.с.с.)

Психолог: Керемет! Ой бөліскеніңізге рақмет!

3. Отбасы туралы туралы мақал-мәтелдер айту

1. «Әке көрген – оқ жонар, ана көрген – тон пішер», «Ана – өсіреді, Әке – үйретеді».

Психолог: «Әке – отбасының тірегі», «Әке – асқар тау», деп теңестіреді халық даналығы. Әр бала Әкесі мен анасының махаббатының жемісі болғысы келеді. Бақытты бала тек бақытты ата-анада ғана болады. Бала тәрбиесінде Әкенің рөлі ерекше. Психологтардың зерттеуі бойынша, егер әкелер балаларымен тығыз байланыста болып, тәрбиелеу міндетінің

жүктемесін мойындарына алатын болса – анаға қарағанда тигізетін әсері мол. Ер бала әкені тыңдағысы келеді, оған ұқсас болғысы келеді. Ерекше әсер, әрине – бірігіп ойын ойнау. Көптеген зерттеулер нәтижесі бойынша, мысалы, ана баламен ойын ойнаса, ол әкеге қарағанда, ойнай отырып, баланы күтуді жалғастырады (мысалы: ойнаса да, ол бала құлап қалмаса екен, немесе бір жерін ауыртып алмаса екен, киімін ластап тастамаса екен т.с.с.) Ал әке керісінше, күш, қозғалыс ойындарын таңдайды. Осының салдарынан баланың даму белсенділігі арта түседі.

Бейнеролик «Әке мен бала» (Мультфильм).

Көңілді ойындар

1. Кім жылдам? Ортаға 2 әке шығып, психолог айтқан түстерге өздеріне берілген допты тез арада орналастыру қажет. Ойын жылдамдықты қажет етеді.
2. Сурет саламыз. Әкелерге балалары берген қаламсам арқылы көрмей сурет салу қажет. Ойында әдемілік бағаланады.
3. Ситуациялық сұрақтар (Әкелерге түрлі жағдаяттарға байланысты сұрақтар берілді)
4. Кімнің киімі? Ортаға барлық балалардың киімдер тұрады. Әкелер өз балапандарының киімдерін танып 1 мин ішінде киіндіріп үлгеру қажет.
5. Менің балапаным. Әкелердің көзі байлаулы болады. Сол көзбен баласының қолынан ұстап көру арқылы өз баласын танып алу қажет.

Қорытынды. Психолог: Шынымен де, әкенің бала өміріндегі рөлі зор. Жастайынан баланы еңбекке баулу – анаға қарағанда, әкенің рөлі зор. Тіпті мамандық таңдауда да, әсіресе ер балалар әкенің ақыл-кеңесіне құлақ түре отырып, өз болашақ мамандығын айқындайды. Сондықтан да, құрметті ер жүрек әкелер, сіздер балаларыңыз үшін ең беделді жандардың бірісіз.

«Балдырған-бөбекжай» балабақшасы «Балбөбек» ортанғы тобында 2024жылы
17-мамырда топтық ата-аналар жиналысы болып өтті.

Хаттама №4

«Балбөбек» ортанғы тобы 17.05.2024ж
Қатысуы тиіс: 25
Қатысқаны: 20
Себептiсi: 5

Күн тәртібінде:

1. Баяндама: Дәрігердің кеңесі «Тазалық денсаулық кепілі»
2. Тренинг ойын: «Бала тәрбиесіндегі ата-ана»
3. Жазғы сауықтыру айларының іс-шараларына дайындық.

Тыңдалды:

1. Балабақша мейірбикесінің «Тазалық денсаулық кепілі» тақырыбында кеңесі тыңдалды.
2. Тренинг ойын: «Бала тәрбиесіндегі ата-ана»
3. Жазғы сауықтыру айларының іс-шараларына дайындық жүргізу барысында перспективалық жоспар құрылғанын, құрылған жоспарды айға және аптаға бөліп жұмыс жүргізілетінін және іс-әрекеттің барлығы балалардың қызығушылықтарын арттыру үшін ойын іс-әрекет түрінде жүргізілетінін жеткізді

Шешім етті:

1. Топ тәрбиешілері мен ата-аналар арасындағы байланыс жұмыстарының жүргізілуі назарға алынсын.
2. Жазғы сауықтыру айларының іс-шараларын ата-аналар көмегімен жүзеге асыру назарға алынсын.

Ата-аналар комитетінің төрайымы:
Хатшы:



Б.Сағат
М.Абдраманова

Тазалық-денсаулық кесілі "

Ата-аналарға кеңес беру

"Балалардың мәдени-гигиеналық дағдыларын қалыптастыру"

Бала отбасында пайда болады және ата - ана баласын тәрбиелеуді қашан бастау керек деп ойлайды.

Баланы тәрбиелеу оның өмірінің алғашқы күндерінен басталады. Дұрыс дамып келе жатқан балалар нәресте кезеңінің соңында жақсы дамуға жетеді, қоршаған ортаға қызығушылық танытады. Олардың сөйлеуі түсінікті болады " кейбір дағдылар отбасы мен достарына деген сүйіспеншілікті дамытады.

Ең маңызды міндет-моральдық қасиеттерді, жағымды қасиеттерді тәрбиелеу

мінез белгілері мен мінез-құлық дағдылары. Баланы тәрбиелеудің жалпы жүйесіндегі мәдени-гигиеналық дағдылардың маңызы зор. Гигиеналық әдеттер балалардың дені сау және мықты болып өсуіне көмектеседі. Ерте жастан бастап үйрету керек

балалардың тамақтанар алдында қолдарын жуу, таза жүру, аяқтарын сүрту, таза ауада болу - бұл

оларды аурудан айтарлықтай қорғайды.

Өмірдің алғашқы 3 жылы-дағдыларды дамытуға қолайлы уақыт

мәдени мінез-құлық. Балаларды тәртіпке және тазалыққа үйрете отырып, біз тәрбиелейміз

оларда жалпы мәдениет, ұйымшылдық, заттарға және

енбекке ересектер. Егер балалар аяқтарын акырын сүртсе

бөлме, есіктің тұтқасын ашыңыз, сонымен қатар қағазды көтеруге жалқау болмаңыз

Пол, олар мәдени әрекет етуге және сонымен бірге еңбекті қорғауға үйренеді

ересектер тазалығын сақтау бойынша.

Тазалық-бұл мәдени дағдылардың бірі

адам. 3 жастан бастап баланы қолды жуып, құрғатуға үйрету керек

оларды сүлгімен сүртіңіз. Ата-аналар баланы ұқыпты және мұқият үйретеді

заттарыңызды, киімдеріңізді өңдеңіз. Оған тұрақты орын беріледі

киім сақтау, пальто ілгіш баланың өсу деңгейінде шегеленеді.

Ересектер балаларға пальто, көйлек емес, іліп қоюды еске салады

және оны үнемі қадағалап отырыңыз.

Кішкентай балаға барлық әрекеттерді қалай түсіндіретінін көрсету керек

киіміңізді бүктеніз, ол үшін жасалады.

Заттарды ұқыпты пайдалану, қоғамдық ортада өзін ұстай білу

орындар баланың мінез-құлқына мықтап енуі керек. Дұрыс сақтау

тамақтану кезіндегі дағдылар Балалардың денсаулығы үшін, тәрбие үшін өте маңызды

олардың жалпы мінез-құлық мәдениеті. Балалар белгілі бір уақытта тамақтануы керек

үстелге отыру-бұл нанның бір бөлігімен жүгірудің орнына тікелей. Бұзылған тамақ

денсаулыққа зиянды, бұл ас қорытуға әсер етеді, тәбетті әлсіретеді. Үшін

тамақтанудың мәдени әдеттерін тәрбиелеу өте маңызды дұрыс қызмет көрсету

кесте. Үстелдің әдемі көрінісі тәбетті тудырады және жағымды әсер етеді

мәдени әдеттерді меңгеру. Балаларды қолдануға үйрету керек

майлық. Тамақтану кезінде балалар сөйлеспейуі керек. Қажет

балаларға еденнен заттарды аузына алуға, жалпы ішумен ішуге қатаң тыйым салу

кружкалар, жуылмаған көкөністер мен жемістер бар.

Кішкентай бала үшін оған жақын адамдардың мысалы маңызды

адамдар. Әке мен ананың мәдени әдеттері - рөл үлгісі.

Сондықтан балалардың тазалық пен тәртіпке деген қажеттіліктері тек тәрбиелей алады

ата-аналардың өздері бұған үлкен мән береді және жеке

ережелерді орындаңыз

гигиена.

Дағдыларды тәрбиелеу кезінде дәйектілік пен дәйектілікті құрған жөн

біртіндеп оларды қиындатыңыз.

Мәдени-гигиеналық дағдыларды бекіту үшін үлкен маңызы бар

қызықты әңгімелер, өлеңдер, суреттер ба. Ересектерге тиесілі

балалардан белгіленген ережелерді орындауға шыдамдылықпен және табандылықпен қол жеткізу.

Барлық мүшелер арасында үлкен табандылық пен үйлесімділік қажет отбасы.

Әдеттерді тәрбиелеуде бірқатар қиындықтар бар. Баяу емес таты-аналарды қорқыту керек. Бұл жүйке жүйесінің ерекшеліктеріне байланысты бала. Балалар бәрін баяу, бірақ қатты сіңіреді. Бұл балаларға қажет үлкен шыдамдылықпен емдеу үшін уақытында жиі жігерлендіру керек мақтау.

Балалар гигиенаға теріс қарайтын кездер болады рәсімдерге. Оң қарым-қатынасты қалыптастыру қажет санитарлық шаралар. Мысалы, ұнатпайтын бала жуыныңыз, қуыршақты жылы сумен жууды ұсыныңыз. Бұл шақыруға көмектеседі сабын мен сумен жұмыс істеуге деген ұмтылыс.

Ойлы, табанды тәрбие балаларда қажетті

әдет-ғұрып және мәдени мінез-құлықтың берік негізін қалайды.

Тақырыбы «Бала тәрбиесіндегі ата-ана»

Мақсаты : Қазіргі кездегі баланың дамуына жеке тұлға болып қалыптасуына ата-ана тәрбиесінің әдіс –тәсілдерін жетілдіре отырып ,қарым- қатынас орнату және ұлттық сананы бойына сіңіру Ата-аналардың балабақшамен ,тәрбиешімен тығыз байланысын арттыру Балаларды бірге мейірімділікке,ұстамдылыққа тәрбиелеудің жолдарын көрсету Бала тәрбиелеу сапасының аз да болса жоғарылауына ықпал ету

Әдістері: пікір алмасу, сұрақ-жауап, сауалнама ,психологиялық жаттығулар

Тренинг бағдарламасы

- 1 «Танысу» жаттығуы
- 2 Топқа бөлу
- 3 Ой жинақтау
- 4 «Жанұя ойыны» сергіту жаттығуы
- 5 Ситуациялық сұрақ
- 6 Қорытынды

Сәлеметсіздер ме, құрметті ата-аналар!Бүгінгі біздің «Бала тәрбиесіндегі ата –ана» атты тренингімізге қош келдіңіздер!

1.Танысу жаттығуы

Ата-аналар шеңбер бойымен тұрып ,әрқайсысы өзінің есіміне сын есім қосып және өз бойындағы үш қасиетін айтып шығады Өмірлік ұстанымын айтады

Талпылау Қандай әсер алдыңыздар ? Не қиындық келтірді?

2.Топқа бөлу

Ата-аналар сол тұрған күйінде түрлі-түсті гүлдерді тандайды Гүлдер бойынша топ құрып ,үстелдерге жайғасып отырады

3. Ой жинақтау

Екі топқа тақырып беріледі Ата-аналар сол бойынша өз ойларын ортаға салады

- 1-топ Балаларды теріс әрекеттері үшін жазалаудың түрлері
- 2-топ Бала тәрбиесі үшін тәрбиеші мен ата-ана арасында қандай байланыс болуы керек ?

4. «Жанұя ойыны» сергіту жаттығуы

- 1 Баланың туган күні?
- 2 Тәрбиешісінің толық аты-жөні ?
- 3 Баланың қандай өлшемде аяқ киім киеді ?
- 4 Баланың қандай түсті жақсы көреді?
- 5 Баланың сүйікті асы қандай?
- 6 Баланың еркелетіп қандай сөздер айтасыз?

5 Ситуациялық сұрақтар

Ата-аналар үстел үстінен, үлестірмелі қағаздарды бөліп алып сұрақтарға жауап береді.

1. Балаңыздың өнерге, қандайда бір іске қызығушылық бейімділігі байқалса не істер едіңіз?

2. Баламен сөйлесе білу де өнер. Мысалға: түн неге қараңғы, күн қайда кетті?

Ұшак қалай ұшады деген сияқты таусылмайтын сұрақтар көп. Сіздіңде балаңыз сондай сұрақтар қоятын болса жауап беруге тырысасыз ба? елеусіз қалдырсыз ба?

3. Сізге балабақшадан тәрбиеші «Сіздің баланыз басқа балаларды ұрады» деп бірнеше рет шағым айтты. Тағы көрші ата-аналарда «Біздің баланы ұрды» деген сөзді естуге тура келді дейік. Не істейсіз? Балаңызды қалай тәрбиелейсіз?

4. Балаңыздың қандайда бір теріс іс-әрекеттер көрсетсе, сіз қандай шара қолданасыз?

5. Балаңыздың тәртібі жайлы білгіңіз келіп, балабақшаға келіп тұрсыз. Тәрбиешісі қатулы қабақ, ашулы күймен қарсы алды. Сіздің әрекетіңіз?



менгерушісі,
Т. Бимартаева
2024ж

«Әжем, анам және мен»

Міндеті: Балаларды отбасы дәстүрлеріне, рухани-адамгершілік құндылықтарға баулу, балаларды үлкенді сыйлауға оларға құрмет көрсетуге, еңбекқорлыққа баулу, балалардың дербестігі мен қызығушылығын ынталандыру, ата-аналармен достық қарым-қатынасты нығайту, ұлттық құндылықтарды балаларды толыққанды дамытудың заманауи теорияларымен үйлестіруге бағыт беру, қызықты жұмыс түрлерін ұйымдастыру арқылы ата-аналарды мектепке дейінгі ұйым қызметіне белсенді қатысуға тарту.

Құрметті әжелер!

«Балбөбек» тобында ұйымдастырылып отырған «Әжем, анам және мен» атты байқауға қош келдіңіздер!

Іс-шараның мақсаты: балаларды казак халқының ұлттық құндылықтарына, отбасылық құндылықтарға, балабақша мен ата-аналар арасында тығыз қарым-қатынасты орнату, жас ұрпақты ата-баба дәстүрімен таныстыра отырып, бала бойына ұлттық құндылықты сіңіру, әже тәрбиесін үлгі ету. Әжелер өнегесін күнделікті өмірде пайдалану, әжелер өнегесінің ерекшелігін ашу. Баланы кішіпейілділікке, қарт адамды сыйлауға үйрету болып табылады.

«Әжем, анам және мен» байқауына қатысушы балалар:

1. Бердікүл Медина Елдосқызы Гайни әжесімен
2. Бижігіт Қазына Мұхтарқызы Шынар әжесімен
3. Әзімхан Ақнәзік Жандосқызы Қалбибі әжесімен

1. Гайни әже «Ұршық иіру», ұршық және ұршықты иіру жолдарын көрсетіп, түсініктеме беретін болады.

2. Қалбибі әже «Тоқыма тоқу» ұршықпен иірілген жіптен тоқыма тоқудың түрлерін көрсетіп, түсініктеме беретін болады.

3. Шынар әже «Құрак құрау» құрак құраудың әдістерін көрсетіп, түсіндіретін болады.

Сіздерменен жадырайды өніміз,

Сіздерменен жарасады сәніміз.

Аяулы әжем, асыл әжем, дана әжем,

Сіздерге кеп бас иеді бар әлем!-деп бүгінгі байқауға катысып, жас ұрпақты ата-баба дәстүрімен таныстыра отырып, бала бойына ұлттық құндылықты сіңіріп, әже тәрбиесін үлгі еткендеріңіз үшін рахмет. Сіздердің отбасыларыңызға амандық, шанырақтарыңызға береке бірлік тілейміз.